

Энергия беруді шектеу мен тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастауды ретке келтіру туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1743.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Энергетика объектілерінің жұмысына іркілістерге жол бермеу мақсатында және республикада электр мен жылу энергияларына аймақтық тарифтардың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Энергия беруді шектеу мен тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастауды ретке келтіру туралы қоса беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және Көмір өнеркәсібі министрлігі энергия тұтынушылардың апаттық-технологиялық броньдарының актілерін қайта ресімдеуді, сондай-ақ электр және жылу энергиясын беруге шарттар жасау кезінде, оларға пайдаланылған энергияға есеп айырысудың мерзімі мен кезеңін бұзған тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастау және энергия беруге шектеу енгізудің шарттары міндетті түрде қ о с ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері тиісті аумақта барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен бюджеттік ұйымдардың пайдаланылған электр және жылу энергиясы үшін есеп айырысу және энергия тұтыну тәртібін сақтауында энергиямен жабдықтау ұйымдарына пәрменді көмек көрсетсін. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір министрлігі белгілеген энергиямен жабдықтау және тұтыну тәртібіне қол сұғушылыққа жол берілмесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 5 ж ы л ғ ы
1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 7 4 3 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілді

**Энергия беруді шектеу және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерімен қиып тастауды ретке келтіру туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже энергия беруге шектеу енгізу мен меншік нысанына қарамастан электр және жылу энергияларын тұтынушы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың арасында жасалған шарттарда қарастырылған пайдаланылған энергия үшін есеп айырысудың мерзімі мен кезеңділігі бұзылған кезде, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастаудың тәртібін айқындайды.

2. Энергиямен жабдықтаушы ұйым онда шектеу енгізудің негізі, күні және уақыты көрсетілген энергия беруді шектеудің енгізілуі туралы хабарламаны тұтынушыға жібереді. Сонымен бір мезгілде шектеудің енгізілуі туралы жергілікті атқарушы органдар да хабарланады.

Энергия беруді шектеудің күні мен уақыты туралы тұтынушы ескертілген кезде, шектеу туралы хабарлама күшіне дейін басталған өндірістің технологиялық мерзімінің аяқталу мүмкіндігі назарға алынуы тиіс.

Апаттық-технологиялық броньдар актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес негізде апаттық броні бар кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдарға энергия беруге шектеу, көрсетілген бронь мөлшеріне дейін енгізіледі.

3. Энергия беруді шектеуді енгізу туралы хабарлама алған кезде тұтынушы, қызметкерлердің жарақат алуын, жабдықтардың зақымдануын, теріс экологиялық және басқа да зардаптардың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін орындауға міндетті.

4. Шектеу енгізілгеннен кейін де пайдаланылған энергия үшін төлемдер жасалмаған жағдайда, энергиямен жабдықтаушы ұйым оларға алдын ала ескертіп, тұтынушыларды (апаттық броні бар кәсіпорындардан басқаларын) энергиямен жабдықтау көздерінен толық қиып тастауға құқығы бар.

5. Тұтынушыларға энергия беруді шектеу, оларды төлемдердің кешіктірілгені үшін өсім төлеуден босатпайды.

6. Алдыңғы айдағы электр және жылу энергиясының пайдаланылғаны үшін тұтынушылардың есеп айырысуының соңғы мерзімі әрбір келесі айдың 10-шы күні болып белгіленсін.

7. Олардың шешімі бойынша, энергия беруді шектеу және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастау енгізілетін энергиямен жабдықтау ұйымдарының лауазымды адамдары, мұндай шешімдердің негізділігі тұтынушылардың уақтылы ескертілуі, шектеулердің көлемі және олардың қолданылу мезгілінің ұзақтығы үшін қолданыстағы заңдарға сәйкес жауап тартады.